FORTE FOREX НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Науқанды өткізу мақсаты:
- Forte төлем карталары бойынша ритейл операцияларының көлемін ұлғайту;
- ForteForex-те клиенттер санын көбейту;
- Банктің жағымды имиджін нығайту.

Науқанды өткізу механикасы:

ForteForex-те шетел валютасын 50 000 теңгеден бастап алғаш рет сатып алған немесе сатқан кезде 2 000 теңге мөлшерінде «Welcome bonus by Forex» бонусын алыңыз.

1. Науқанды өткізу кезеңі

1. Науқан осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі. Науқанға Қағидалардың 3-бөлімінің талаптарына сай келетін Банк клиенттері қатыса алады.

2. Жүлде қоры

1. Жүлде қоры 2026 жылғы 10 тамыздан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсан бойынша ұтыс ойынының бүкіл кезеңі үшін: 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайды.
2. Жүлде қорының жалпы сомасы салықтар бойынша барлық ілеспе шығысты қоса алғанда, ХТЖ бюджет қаражаты есебінен қалыптастырылып, төленеді.

3. Науқанға қатысушылар

1. Науқанға қатысушылар: Науқанды өткізу кезеңінде төлем картасы арқылы ForteForex-те алғаш рет шетел валютасын сәтті сатып алатын/сататын Forte карталарын ұстаушылар.
Науқанды өткізу кезінде:
1) ұтыс ойынына қатысушының төлем картасы белсендірілген, белсенді және қолданылу мерзімі өтпеген болуы тиіс;
2) науқанға қатысушының төлем картасы бойынша өтелмеген сервистік комиссиялар мен Банк алдындағы басқа да берешектері болмауы тиіс;
3) егер науқанға қатысушы Банктің қарыз алушысы болса, оның Банктегі барлық қолданыстағы қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс;
4) қатысушы Банктің мобильді интернет-банкингінде тіркелген болуы тиіс;
5) бонустық шоттың болуы.
2. Науқанға қатыспайды:
1) Банк қызметкерлері
2) Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;
3) 18 жасқа толмаған тұлғалар;
4) ҚР бейрезиденттері;
5) Premier банкинг клиенттері, корпоративтік карта ұстаушылар мен Business клиенттер;
6) Алаяқтық немесе күмәнді операциялар жасаған, сондай-ақ кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қатысты белгілері бар операцияларды жүзеге асырған клиенттер (Банктің ішкі рәсімдері мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес).
7) «Кері қайтарылды» мәртебесіндегі өтінімдер;
8) Банктің шешімі бойынша өзге негіздермен қатысушылар қатарынан шығарылған клиенттер
9) Банкте бонустық шоты жоқ клиенттер

4. Науқанды өткізу әдістемесі

1. Науқанға Банктің осы Қағидалардың 3-бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келетін клиенттері ғана қатысады.

2. Науқанды өткізу кезеңінде апта сайын Банкте ForteForex өтінімдері бойынша есеп қалыптастырылады, осы Қағидалардың 3-бөліміндегі талаптар негіз ретінде қолданылады.

5. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері

1) Депозиттер мен ағымдағы шоттар бағыты:

1) Осы Қағидалардың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келетін науқанға қатысушылардың транзнауқанлық белсенділігін қамтитын транзнауқанлық базаны жүктеп алады.

2) Сегменттеу және CVM бағыты

1) Банк науқан кезеңінде клиенттеріне науқанның талаптары туралы push-хабарламаларды Банктің мобильді қосымшасы арқылы жібереді;
2) Науқан талаптарын орындаған клиенттер анықталғаннан кейін оларға бонустардың есептелгені туралы push-хабарлама жіберіледі. Талаптарды орындаған клиенттерге бонустарды есептеу осы Бағдарламаның №1 қосымшасында көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Бонустар тиісті қатысушылар тізімі жасалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленеді.

6. Бонус алу тәртібі:

Бонустарды есептеу осы Қағидалардың 3-бөліміне сәйкес жеңімпаз сәйкестендірілгеннен кейін жүргізіледі.

7. Жауапкершілік орталықтары

1. Депозиттер мен ағымдағы шоттар бағытының қызметкерлеріне Қағидалар талаптарына сәйкес базаны тиісінше қалыптастыру, сондай-ақ Қағидаларға сәйкес өздеріне жүктелген өзге де міндеттерді орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.
2. Сегменттеу және CVM бағытының қызметкерлеріне Банктің Мобильді қосымшасында push-хабарламаны уақытылы жіберуді жүзеге асыру, бонустарды уақтылы және дұрыс есептеу, сондай-ақ оларға Қағидалармен жүктелген өзге де міндеттерді орындамағаны үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.
3. Банк негізсіз сыйлық алу мақсатында алаяқтық әрекет жасады деген күдікті тұлғаларды кез келген уақытта себептерін түсіндірместен және біржақты тәртіпте жеңімпаздар қатарынан шығаруға құқылы.
4. Банк науқанды кез келген уақытта тоқтатуға немесе мерзімін ұзартуға, сондай-ақ осы Қағидалардың талаптарын өз қалауы бойынша өзгерістер енгізуге құқылы. Науқан талаптарына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты Банк қатысушыларға уақтылы хабарлайды.
5. Осы Қағидалардың 3-бөлімі 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бонустар төленетін күні дебеттік карта жабылған жағдайда, бонустар төленбейді.
6.Бонустар Депозиттер мен ағымдағы шоттар бағытының жауапты қызметкері ұсынған тізім негізінде, төлемге арналған тізім жасалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленеді.

«Welcome bonus by Forex»
ForteForex науқанын өткізу туралы
қағидалардың 1-қосымшасы

Кезеңдер	Науқанды өткізу мерзімдері	Тізім қалыптастырылатын күн	Саны, дана	Жүлделер
1	10.08.2026 – 31.12.2026	1-ші апта: 17.08.2026 кешіктірмей 2-ші апта : 24.08.2026 кешіктірмей 3-ші апта : 31.08.2026 кешіктірмей 4-ші апта : 07.09.2026 кешіктірмей 5-ші апта: 14.09.2026 кешіктірмей 6-ші апта: 21.09.2026 кешіктірмей 7-ші апта : 28.09.2026 кешіктірмей 8-ші апта : 05.10.2026 кешіктірмей 9-ші апта : 12.10.2026 кешіктірмей 10-ші апта: 19.10.2026 кешіктірмей 11-ші апта: 27.10.2026 кешіктірмей 12-ші апта : 02.11.2026 кешіктірмей 13-ші апта : 09.11.2026 кешіктірмей 14-ші апта : 16.11.2026 кешіктірмей 15-ші апта: 23.11.2026 кешіктірмей 16-ші апта: 30.11.2026 кешіктірмей 17-ші апта : 07.12.2026 кешіктірмей 18-ші апта : 14.12.2026 кешіктірмей 19-ші апта : 21.12.2026 кешіктірмей	ForteForex платформасында 50 000 теңге (немесе оған тең сома) немесе одан да көп көлемде шетел валютасын сатып алу немесе сату операциясын жүзеге асырған барлық жаңа клиенттерге	Бонустармен 2 000 теңге

		20-ші апта: 28.12.2026 кешіктірмей 21-ші апта: 05.01.2027 кешіктірмей		